Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.1. – Б. 74-75

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАРДЫ САЛЫСТЫРЫП ТЕКСЕРУ

Елжасова Ж.Қ.

2007 жылдан бастап «ҚазМетрИн» РМК жаңа сала енгізу жұмыстары атқарылды. Ол саланың негізгі міндеті медициналық құралдарды салыстырып тексеру болып табылды. Бұл сала өте маңызды салалардың бірі, себебі адамдардың денсаулығы осы медициналық құрал-жабдықтарға тәуелді екені бәрімізге мәлім. Медициналық құрал-жабдықтарды метрологиялық қамтамасыздандыру қажет, соған орай 2005 жылы Орал қаласындағы Батыс Қазақстан филиалында арнайы отырыс өткізіліп, «Медициналық құрал-жабдықтарды метрологиялық қамтамасыздандырудың» негізгі мәселелерін қарастырылған болатын. Осы семинарға денсаулық сақтау ұйымдарының 43 астам мүшелері қатысып өз пікірлерін талқылап оңтайлы шешімдер қабылданды. Қабылданған шешім бойынша, медицина қызметкерлері арнайы метрология институтында біліктіліктерін арттыруы және мемлекеттік реестрге көптеген медициналық құрал-жабдықтар енгізуі тиіс.

2013 жылы «ҚазМетрИн» РМК арнайы «Салыстырып-тексеру зертханасын» ашқан болатын. Зертхананың басты міндеті келесідей медициналық құрал-жабдықтарды салыстырып - тексеру болып табылады: электрокардиографтар, УЗТ аппараттар, термометрлер, термостаттар, AITECS2016 инфузионды шприцты насос, тамызғыш дозатор т.с.с.

Мемлекеттік реестрде өлшеу құралының толық аты, типі, серия нөмірі, әдіснама нөмірі және құрал-жабдыққа берілген сертификаттың мерзімі жазылған. Тексеріс жүргізу үшін оның әдіснамасы болуы керек, әдіснаманың түпнұсқасы мұрағатта сақталады. Салыстырып-тексеруден өткен құрылғыға сертификаттар жазылып арнайы лейблдар жабыстырылады. Осыған сәйкес 2 түрлі сертификаттар жазылады:

1) салыстырып-тексеру нәтижесі оңтайлы болғанда жарамды деген 1 немесе 3 жылға сертификат беріледі;

2) салыстырып-тексеру теріс нәтиже берген жағдайда жарамсыздық сертификаты беріледі.

Салыстырып тексеру нәтижесін тағайындау «МӨЖ Өлшем құралдарына салыстырып тексеру жүргізу тәртібі» ережесіне сәйкес жүргізіледі. Салыстырып тексеру куәлігінде анықталған бірнеше метрологиялық сипаттамалары келтірілуі мүмкін.

Менім ойымша, әрбір медициналық құрал-жабдықтарды салыстырып - тексеру қазіргі медицинада өте маңызды да және қажетті қызметтің бірі болып болып отыр. Осы салыстырып тексеруді жоғары техникалық білімі бар, салыстырып тексеру курсынан өткен, жұмыстық тәжірибесі жоғары мамандар жүзеге асыруы керек, өйткені көптеген адамдардың тағдыры осы медициналық құрал-жабдықтарға байланысты.